

## **Валюталық шот ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 17 қыркүйек N 442-ө

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін сату жөніндегі тендерге қатысушы шетелдік инвесторлардың кепілдік жарналарын есептеу үшін:

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстанның Халықтық Жинақ Банкінде валюталық шот ашсын. Қазақстанның Халықтық Жинақ Банкінің валюталық шотын тендер жеңімпазының валюталық қаржыларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің ағымдағы шотына аудару арқылы, сондай-ақ аталған тиісті реквизиттер бойынша тендердің өзге қатысушыларына кепілдік жарналарын қайтару үшін транзиттік шот ретінде пайдаланылсын.

Премьер-Министр